

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 33/308 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қыркүйекте № 2838 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 37/365 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 05.02.2016 № 37/365 шешімімен(қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Ақтау қалалық мәслихатының аппарат басшысы (Д. Телегенова) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы А. М. Бүркітбаев).

4. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Ж. Үмбетова

« К Е Л І С І Л Д І »

«Ақтау қалалық жер қатынастары
бөлімі» мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
Ж . Р о м а н

25 тамыз 2015 жыл

« К Е Л І С І Л Д І »

«Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік
кірістер комитеті Маңғыстау
облысы бойынша Мемлекеттік
кірістер департаментінің Ақтау
қаласы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы»
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Ж . С е р і к

25 тамыз 2015 жыл